

Астрахан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 213 "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 206 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 шілдеде № 4274 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 06.08.2014 № 248 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау» мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астрахан ауданы әкімдігінің «Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2012 жылғы 14 маусымдағы № 213 (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 4 шілдедегі 1-6-177 нөмерімен тіркелген, № 28 «Маяк» газетінде 2012 жылғы 20 шілдеде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
кіріспе жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау» мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:».**

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсейітов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ